



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Исаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14

Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Isakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

<https://doi.org/10.47500/2021.v4.i4.01>

Ибраева Г., Хасенов С.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ

«Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциядан

2021 жылы тәуелсіз мемлекет болғанымызға 30 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Жарлығымен Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде ұйымдастырып, оның танымдық деңгейін көтеру қолға алына бастады. Үстіміздегі жылдың 5-ші қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарық көріп, көпшілік назарына ұсынылды. Аталмыш мақаласында Мемлекет басшысы Тәуелсіздік алғаннан бастап 30 жыл ішіндегі жеткен жетістіктерге жан-жақты тоқталып, тарих таразысына салған еді. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырамыз анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет, – деп қорытты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі осы мереке аясында атқарылып жатқан іс-шараларға үлес қоса отыра, музей қабырғасында «Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырды.

Ғылыми шараның мақсаты – Егемендік алу және жаңа мемлекеттің құрылу тарихы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының стратегиялық бастамаларының Тәуелсіз еліміздің дамуындағы рөлі, Тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және қазіргі кезеңдегі тарихи бағыттағы музейлердің ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық мүмкіндіктерін жан-жақты талқылауға бағытталды.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік тарихы, стратегиялық бағдарламалар, Алаш тұлғалары, Алтын Орда, мәдениет қайраткерлері, кино өнері.



Өткен ғасырдың соңында 1991 жылғы 16-желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР-нің Жоғары Кеңес отырысында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдап, Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамын сәтіммен жүзеге асырды. Дүниеге жаңа мемлекет Қазақстан – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы келді. 1991 жылдың 17-желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митингте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан

құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» (Аяған, Әбжанов, Махат, 2010:3).

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары, екінші болып көрші ел Қытай Халық Республикасы, содан

кейін Ұлыбритания елі мойындады. Оның артынан бірінен соң бірі Жапония, Моңғолия, Франция, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеттері мойындап жатты. Иран Ислам Республикасы – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Бауырлас Түркия елі алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашып, тәуелсіздігімізді мойындауда алғашқы он жеті елдің қатарында болды. Осылайша әлемдік саясат аренасында Қазақстан деген жаңа мемлекет әлем картасынан ойып тұрып орын алды. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар орната бастады (Абрахманов, 2006: 58).

Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылы 11 қазанда «Қазақстан-2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды. Бұл келісім-шарттың тарихи маңызы ерекше зор еді. Себебі Қытай 15 мемлекетпен шектеседі. Олардың бізден басқа бір де біреуімен Қытайдың толық шекаралық келісімі әлі жоқ. Ғасырдан ғасырға созылған шекаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шекара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады. Ал 2005 жылы 18 қаңтарда әлемдегі ең ұзын шекаралық белдеу болған Қазақстан – Ресей шекарасы анықталып, Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан мойындалды. Қазақстан – Ресей шекарасы құрлықтағы ең ұзын шекара болып табылады. Оның ұзындығы – 7591 шақырымдық құрайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межеллеу сияқты саяси салмағы ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы белгіленді (Назарбаев, 2008: 162).

Елімізде индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтардың мақтанышы әрі ұлттық жетістігіміз – Нұр-Сұлтан қаласы бой көтерді. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасын және оның Елордасы – Нұр-Сұлтанды бүкіл әлемге паш етті. Елордамыз – республиканың бас қаласы – Нұр-Сұлтан күннен-күнге көркейіп қанат жайып келеді. Әлемдік картада егемен елдің Елордасы ретінде орын алғанына көп уақыт бола қоймаса да, әлем жұртшылығы үшін бейбітшілік көгершіні ретінде таныла бастады.

Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды.

2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЫҚЫҰ) 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, Астана доктринасын бірауыздан қабылдады. Бұл іс-шараның маңыздылығы Елбасының: «11 жылдың ішінде осынау беделді халықаралық ұйымның жоғары деңгейдегі бас қосуын өткізу ешбір елдің қолынан келмеді. Қазақстан ғана бұл мақсатты іске асырды.

2011 жылы қаңтар-ақпан айларында Астана мен Алматы қалаларында Қазақстанда тұңғыш рет VII Қысқы Азиада ойындары жалауын көтерді. Бұл халықаралық спорттық іс-шараның өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы өте зор болды. Осы жылы 28-30 маусымда Астанада Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясы өтті. Сол сәттен бастап Қазақстан осы халықаралық ұйымға төрағалық етуге кірісті. Ал 2012 жылғы 22 қарашада Халықаралық Көрмелер Бюросына (ХКБ) мүше 161 елдің өкілдерінің жасырын дауыс беру барысында Астана жеңіске жетіп, ЕХРО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі 103 елдің өтінімімен қолдау тауып, өтетін орын ретінде таңдалды. Көрме 2017 жылдың 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өткізіліп,



Қазақстанның негізгі ірі жобаларының біріне айналды.

Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекетке айналдық. Тарихты жасайтын тұлғалар тағылымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз еліміз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-

мәдени салаларға да реформалар жүргізді (Абдулпаттаев, 2006: 60).

Қоғамның қастерлі қазынасы – мәдениет. Ал мәдениеттің мәнді мәйегі – музей. 2014 жылдың 2 шілдесінде ашылған Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі де Тәуелсіздік жемісі болып табылады. Елбасының тікелей бастамасымен ашылған Ұлттық музей өткен тарихымызды байыптатады, рухани мұрамызды зерделейтін, ел тарихындағы ең ірі мәдени орталық. Кез келген мемлекет туралы алғашқы әсер мен түсінік оның тарихымен танысудан басталатыны белгілі. Міне, осы маңызды миссия Ұлттық музейге жүктелген. Тәуелсіздіктің жетістігін қоса алғандағы тарихымызды тұтас көрсететін және дамушы елден дамыған елге айналып отырғанымызды айғақтайтын киелі шаңырақ.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған маңызды басқосу Ұлттық музей директоры Арыстанбек Мұхамедиұлының құттықтау сөзімен ашылды. **А. Мұхамедиұлы** ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсатын таныстырып, музей қабырғасында атқарылып

жатқан игі шараларға кеңінен тоқталды. Мәдени іс-шаралардың халыққа насихатталу жолдарын атап өтіп, кезекті ғалымдардың баяндамаларына берді.

Конференция жұмысына белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттанушы – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты **Берік Әбдіғали**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің оқытушы-ғалымдары – **Серік Негимов**, **Марат Әбсеметов**, **Сұлтанхан Аққұлы**, **Айболат Көшкімбаев**, **Роза Бағланова** атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры **Жеңіс Сейдуллаұлы** және Қазақ Ұлттық Өнер университетінің оқытушысы, режиссер, композитор, продюсер **Оралбек Сарыбасов** сынды ұлт руханиятының көрнекті өкілдері қатысты. Конференцияда алғашқы болып саясаттанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты **Берік Әбдіғали** баяндама жасады. Ғалым Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында қыруар жұмыстардың атқарылғанын баса айтты. Әсіресе, Алаштың тарихы мен тұлғалары, саяси-құғын сүргін құрбандарын толық ақтау және ұлт-азаттық көтерілістерге байланысты әлі де құпия мәліметтердің толық жарияланбауы жөнінде парасатты ой өрбітті. Алаш автономиясы және алаш әскеріне қатысты деректерді тілге тиек етті. Әлі де алаштың ашылмаған қырлары мен тұлғалары жетеді. Бірақ соны зерттеп жүрген тарихшылар аз. Көбінесе оған қаламгерлер мен журналистер, тіл мамандары қызығушылық танытады. Әсіресе, аймақтардағы Қазақ комитетін құрып, соны басқарған азаматтар мен уездердің төрағалары туралы өмірбаяндық сипатпен шектеліп, олардың қатпарлы болмысы мен қызметін ашудағы іргелі зерттеулердің аз екендігін атап көрсетті. Саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Оның негізгі мақсаты – заңсыз қудалаудың құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру. Бізде 100 мыңға жуық адам репрессияға ұшырады, 25-30 мыңы атылды деп айтамыз, алайда нақты тізім әлі жоқ. Іздеп жүрген ұрпақтары да аз, себебі ұмыттырып жіберген. Сонымен қатар сотсыз кәмпескеге түскен байлар, жер айдалғандар саны әлі анықталған жоқ. Мыңға жуық ең мықты деген аталарымыз «әлеуметтік-саяси жағынан қауіпті» деп танылып, барлық

мүлкі тәркіленіп, отбасымен жер аударылып, айдалып кетті. 1929-32 жылдары болған 372 халық көтерілістеріне қатысқан 80 мыңға жуық бауырларымыз да ақталмай отыр. Ақтау дегенде, оларды тек қағаз күйінде ғана емес, есімдерін елге қайтарып, ерліктерін ашып, жерленген жерлерін белгілеп, ескерткіш қою қажет. Мен Ұлытау ауданында былтыр 1928-38 жылдар аралығында сотталған, жер айдалған, атылған барлық жерлестерімізге арнап, «Тағзым тақтасын» аштым. Табылған есімдерді жазып қойдық. Тіпті 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқандардың есімін де жаздық. Қазақ талай қасіреттен өтті. Ақтабан шұбырындыдан, талай соғыстан, жұттан, жаппай аурулардан аман қалған. Қолдан жасаған ашаршылық, нәубет, зұлымдық қатты соққы болды. Ұлтты тізе бүктіріп, арқасын сындырды. Үрейді қанымызға сіңіріп жіберді. Соның әсерінен әлі де құтыла алмай келеміз. Сол нәубетте, аштықта қаза болған қандастарымыздың саяси құрбандар болғанын мойындауымыз керек. Олар үшін емес, өзіміз үшін. Біз қашанда олардың алдында қарыздармыз. Олар еліміздің аман қалу жолындағы құрбандары. Сол коммунистік, сталиндік мемлекет жасаған ауыр жарақаттан бүгінгі өзіміздің мемлекетіміз емдеу қажет деп қорытындылады.

Келесі баяндаманы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, ф.ғ.д. **Серік Негимов** жасады. Ол: «Тәуелсіздік құбылысы Ұлы дала төріндегі Мәңгілік ел идеясымен, мемлекеттің қамал-қорғанындай шекарасымен, қорғаныс қабілетімен, ұлттық-тарихи санасымен, ана тілімен, ата дәстүрімен, Ата Заңымен, желбіреген көк Туымен, Елтаңбасымен, Әнұранымен, төл теңгесімен, бірегей рухани құндылықтарымен, ғылыми-шығармашылық әлеуетімен, асқақ та айбарлы Астанасымен, ұлы көшті жанартаудай лапылдап, жасындай жарқылдап жаңа өріске бастаушы Елбасымен төркіндес және сонау Күлтегін заманынан бастап ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздік жайлы, Тәуелсіз елдің ұлттық идеясы туралы сөз қозғағанда ХХ ғасыр басындағы Алаш арыстарын айналып өте алмаймыз», – деді. Тәуелсіздік – қасиетті ұғым, сәулелі құбылыс. Сан ғасырлар мен замандар бойы бабаларымыздың асыл арманы болған тәуелсіздік ақ қанатты періште сипатында халқымыздың басына бақ болып қонды.



Отанымыз тәуелсіздік құшағында асқақтап, замана тарихтың ұбақ-шұбақ көшінің нешеме алуан қисапсыз суреттері, тағдыр тәлкегіне душар болған халқымыздың хал-ахуалы, зобалаң-дүрбелеңдері әлгі қойылымда көз алдында қайта тізілгендей, «Елім-айдың» зарлы-мұңлы әуені естілгендей; Ұлы дала – ұлт рухының шарайнасы, бақ-дәулеті, Ай мен Күндей баға жетпес, теңдесі жоқ қазына болып қайта жаңғырды. Орманбеттің: «Еділ – үйдің есігі, Жайық – үйдің жапсары, Түркістан – үйдің төрі» деп жырлайтыны; Қошке Кемеңгерұлының: «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ержетіп, өсіп-өнген ордасы – Түркістан» деп толғанатыны; Мағжан Жұмабаевтың: «Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер Түріктің бесігі ғой» деп жүрегіне бөлеп жырға қосатыны көпшіліктің туған жерге деген махаббатын күшейте түсті. Бағзы заманғы алтынжалды арғымақ мінген атақты қолбасшы Еділ батырдың, Түркі қағанаты дәуіріндегі Естемі, Бумын қаған, Елтеріс, Тоныкөк, Күлтегін тәрізді қағанат қаһармандарының ерлігі қайта жарқырап көрінді», – деп тоқталды.

Іс-шарада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д. **Марат Әбсеметов** сөз алды. Ол: «Бүгін азаттықтың 30 жылдығына аяқ бастық. Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыршешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа мемлекет пайда болды. Тұтас дәуірлердің куәсі болған халқымыз сан ғасырлық бұралаң әрі қиын жолмен жүріп өтті. Адам баласы сияқты, мемлекет те өмірінде екі ғұмырлық босағаны аттайды. Біріншісі – жарық дүниенің есігін ашу, екіншісі – ересек өмірдің табалдырығын басу. Екеуі де – қайталанбас, қастерлі мезеттер. Бұл – Әбу Насыр әл-Фарабидің айтып кеткен орамды сөзі, өнегелі өсиеті. Биыл рухы асқақ, тұғыры биік төл мемлекетімізге 30 жыл толды. Қарапайым тілмен айтқанда, нағыз ердің жасында, ұлы мақсаттардың басында тұрмыз. Тағылымы мол тарихымыз – сонау сақ дәуіріндегі, түркі бабалар тұсындағы, күні кеше 550 жылдығын ел болып тойлаған Қазақ хандығы кезеңіндегі, кешегі Екінші

Дүниежүзілік соғыстағы ұлтымыздың ұлы күрестерінің куәсі. Бұл – біздің өткеніміз, бұл – біздің тағдырымыз. Осы бір тарихтың ұзынсонар жолында азаттық деп аласұрған, еркіндік деп екпіндеген халқымыздың мұратын орындау бақыты бүгінгі біздің ұрпақтың еншісіне тиіпті. Расында да, тәуелсіздік пен теңдік, азаттық пен елдік қай халық үшін де дәмі балдай, мәртебесі таудай асыл ұғымдар болып саналады. Елу жылда ел жаңа деген халық даналығын баршаңыз білесіздер. Десе де, біз елу емес, небәрі 30 жылда қарыштап жаңаланған, төрткүл дүние бағалаған ел болдық. Ол да болса кешегі бабалар ерлігінің рухын алған, ертеңгі ұрпағына жол салған бүгінгі замандастарымыздың, сіздер мен біздердің еселі еңбектеріміздің арқасы», – деп тұжырым жасады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры **Сұлтан Хан Аққұлының** жасаған баяндамасы «Алаш Республикасы мен Тәуелсіздік: ескі деректер мен әділ саралау және жаңаша тұжырым» деп аталды. Ғалым Алаш партиясының құрылуы, қайраткерлердің рөлі және тарихи маңызына кеңінен тоқталып, тың деректермен тұжырым жасады. Сонымен қатар Алаш тарихында Әлихан Бөкейханның ерекше орын алатындығына кеңінен тоқталып өтті. «Ә.Н. Бөкейханның 1906 жылы С.-Петербургта құрылған «Полярная звезда» масон ложасына мүше болғаны – тарихи факт. Алайда, одан шошынатын еш қисын жоқ. Себебі, орыстардың XX ғасыр басындағы қайта жанданған масон қозғалысы – алдына нақты саяси мақсат-мүдде қойған және саяси партиялардан жоғары тұрған құрылым болатын. Масон ұйымы бірыңғай Ресей жебейлерінің ұйымы деген пікір – ол ешбір негізсіз жаңсақ пікір. XX ғасыр басындағы масондардың басты да стратегиялық мақсаты – Ресейдің самодержавиелік билігін құлату болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісін жоспарлап жүзеге асырған да, Уақытша үкіметтің құрамын сонау 1915 жылы-ақ жобалаған да осы масон ұйымы болды. Алты Алаштың көсемі Әлиханның оған мүше болуы – сұқтанатын жайт емес, керісінше мақтан ететін оқиға. Өйткені, ол қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта құру отаршыл Ресей империясының өзін демократиялық мемлекет ретінде қайта құрмай мүмкін еместігін жақсы түсінді. Сол себепті де ең алдымен Ресейдің

самодержавиелік билігін құлатпай, қазақты отаршылдық бұғауынан босата алмайтынын Әлихан терең түсінді. Сол себепті де ол орыстың конституциялық-демократиялық партиясына мүше болып, патша билігіне қарсы күресті. Әлихан тек қазақтың ғана емес, бүкіл Ресей империясының да көрнекті саяси қайраткері болып табылады», – деп жаңаша тұжырымын жеткізді.

Тағылымы мол жиында даңқы біраз жерге жайылған Алтын Орда империясының тарихтағы орны, маңызы зор екендігі ғалымдардың тұшымды пікірлерімен жан-жақты қамтылды. Алтынордатанушы ғалым **Айболат Көшкімбаев** «Алтын Орданың әскери өнері» деген тақырыпта ой қозғады. Ол: «Жошы ұлысының әскери өнері жоғары деңгейде дамыды. Олардың әскери жүйесі ғұн, түркі дәуірінен басталып, солардың шын мұрагері Шыңғысхан мен оның ұрпақтары болды. Мәселен, қазір бәйгеге шабатын аттардың құйрығын түйіп қояды. Бұл – сонау көнеден қалған әдіс. Батырлар шабуылға шығарда аттарының құйрықтарын түйіп, жалауға таңбаларын салған.

Әскер оң қанат, сол қанат және орта шеппен құрылған. Әр шепке бір жасауыл қойып, ол әскерді сапқа тұрғызып отырған. Алтын Орда кезінде «батыр», «баһадүр» деген сөздер жиі кездеседі. Мәселен, Тоқтамысханның екінші ныспысы – Тоқтамыс батыр. Тарихи деректерде солай жазылады. Ол дәуірде хандар әскери өнерді толық меңгермесе, ел басқара алмаған. Жауынгерлер қаруға найза, қылыш, шоқпар, гүрзі қолданса, адам денесіне оқ өтпеу үшін түрлі сауыт киген. Жошы ұлысының әскері 1370-80 жылдары зеңбірек қолдана бастады. Бұл қару Орталық Азияда пайда болған, орыстар оны бізден алды. Шығыс сөзінде зеңбіректі «туфанг», орыстар «тюфяк» деп айтқан. «Алтын Орданы» алғаш зерттеген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Әрине, ол кісі жеке ғылыми еңбек жазбаған, бірақ жазбаларында Жошы ұлысы туралы көптеген құнды мәліметтер келтіреді. Шоқанның өзі араб, парсы, түркі тілдерін жақсы білген. Ресей архивінде түрк тілінде жазылған деректер сақталған. Бірде орыстың Березин деген атақты ғалымы «Алтын Орда» дәуіріндегі жазылған деректерді түсінбегендіктен, Уәлихановқа хат жазып, одан көмек сұрайды, сөйтіп Шоқан оған ол деректерді шағатай тілінен аударып берген.



2019 жылы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың қолдауымен атап өтілген Жошы ұлысының 750 жылдығының тағылымдық мәні зор болды. Бабаларымыз құрған ұлы империяға ескерткіш қою үшін екі орын бар: біріншісі – Талас, екіншісі – Ұлытау. Ұлытау – Жошы ұлысының ордасы тігілген жер. Сондықтан осы өңірге Жошы, Бату, Берке хандардың ескерткішін қойып, музей салып, жұртшылық жиі табан тірейтін тарихи саябаққа айналдырсақ дұрыс болар еді», – деп сөзін қорытты.

Конференция барысында Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры **Жеңіс Сейдуллаұлы:** «Жақында үкімет қаулысымен «Қазақконцерт» мекемесі қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың есімімен аталып, келесі жылы әншінің 100 жылдық мерейтойына байланысты дайындық жұмыстарын бастады», – деді. – Шын мәнінде, Қазақстан үшін Тәуелсіздіктің отыз жылы ілгерілеу мен орнықты дамудың кезеңі болды. Қазақ елінің тарихы, егемендік жылдарында жеткен жетістіктері, сөз жоқ

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Біздің мақсат – Елбасы идеясы айналасында топтасып, жаңа Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Мәңгілік ел құндылықтарын сақтау арқылы басты байлығымыз – Тәуелсіз Қазақстанды келешек ұрпаққа қалдыру жөніндегі алға қойған міндеттерін жүзеге асыру. Ұранымыз – Тәуелсіздіктің ұлы жолы мәңгі болуы тиіс!» – деп атап өтті. «Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де Димаш Құдайберген, Әлішер Каримов, Рухия Байдүкенова, Әділхан Макин, Әміре, Жанар Дұғалова және т.б. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілеріміз, біздің айрықша күшіміз. Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті», – деп сөзін қорытындылады.

«Барлық өнердің ішіндегі біз үшін ең маңыздысы – кино!» Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын көтерілген қызыл көсем ұраны

әлі күнге өз өзектілігін жойған жоқ. Жоймақ тұрмақ, бұл өнер маңызы күн өткен сайын үдей түсуде. Өйткені, әлемдік ықпал үшін күрес жаңа ғасырда жаңа сипатқа ие болды. Жер-жаһанды қаруға жалындырмақ пиғылдың күні өтіп, ендігі жерде ол әрекет әлемді ауызға қаратудың жаңа тәсіліне аяқ басты. Оны мәдени-идеологиялық майдан дер едік», – деп режиссер **Оралбек Рахманқұлұлы** сөз алды. Оралбек Рахманқұлұлы өз баяндамасында Тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақытта Қазақстандағы деректі фильмдердің түсірілуі мен даму барысы жайлы ой қозғады. Өзінің түсірген туындылары «Алтын-ай», «Алтынбектің әндері», «Бата», «Этнограф Жәнібеков», «Тұрсынхан», «Жыр алыбы – Жамбыл», «Ақан сері әндері», «Ұшырдың баптап ұядан», «Жыл мезгілдері», «Қалың елім, қазағым», «Бекзат Саттарханов», «Ақтайлақ би», «Жібек жолы – Қазақстан», «Байұзақ Албани» сынды деректі фильмдердің шығу тарихына тоқталды. Соңғы кездері Өнер университетіндегі өзі кино өнеріне баулып жүрген шәкірттері де республикалық және халықаралық фестивальдерде жүлделі орындарға ие болып жүргендігін айтты. Әсіресе

былтырғы үлкен жоба Халық жазушысы, Еңбек Ері Әбіш Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы» туындысына арнап түсірілген деректі фильмі шетелдік кинофестивальдерде олжалы оралған.

Ғылыми конференцияның қорытынды бөлімінде ғылыми орталықтар мен өңірлердегі музей басшылары zoom платформасы арқылы байланысқа шықты. Сөз алған баяндамашылар – Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-қорық музейінен **Б. Байболов**, Ы. Алтынсарин мемориалдық музейінен **Н. Шектібаева**, Нұр-Сұлтандағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры **Жандос Әубәкір** Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында атқарылып жатқан игі шаралардың мән-жайымен таныстырып, болашақтағы атқарылатын жаңа жобаларға тоқталды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы негізінде елімізде атқарылар тың бастамалар барлық өңірлерде жүзеге асады деген пайыммен конференция өз жұмысын қорытындылады.

Әдебиеттер

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
2. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. – Алматы: Атамұра, 2006. – 392 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. // Егемен Қазақстан. № 21. 18 қаңтар 2008 ж.
4. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. – Алматы: Қарасай, 2006. – 216 б.

References

1. Aıaǵan B.Ǵ., Ábjanov H.M., Mahat D.A. Qazirgi Qazaqstan tarihy. – Almaty: Raritet, 2010. – 448 b.
2. Abrahmanov S. Táýelsizdik shejiresi. – Almaty: Atamura, 2006. – 392 b.
3. Nazarbaev N.Á. Nur Otannıń damýynda jańa beles bastaldy. Memleket basshysy N.Á. Nazarbaevtiń «Nur Otan» partıasy Saıası keńesiniń keńeilgen otyrısında sóılegen sózi. // Egemen Qazaqstan. № 21. 18 qańtar 2008 j.
4. Abdýlpattaev S. Halyqaralyq qatynastar jáne Qazaqstannıń syrtqy saıasaty. – Almaty: Qarasai, 2006. – 216 b.



Ибраева Г., Хасенов С.
Национальный музей Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ И НАЦИОНАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ

*Республиканская научно-практическая
конференция «Путь Независимости:
становление, развитие и перспективы»*

В 2021 году исполнилось 30 лет, как мы стали независимым государством. Указом Главы государства К. К. Токаева на высоком уровне начата организация 30-летнего юбилея независимости, повышение ее познавательного уровня. 5 января текущего года была опубликована статья Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего». В данной статье глава государства подробно остановился на достижениях, достигнутых за 30 лет с момента обретения независимости и поставил на весы истории. Каждый сознательный гражданин, выходя на вершину освобождения, задается вопросом: «Каких успехов мы достигли за тридцать лет?», «Какую страну мы оставим для следующего поколения?», «Что еще мы будем делать, чтобы укрепить нашу государственность?» и т.д. С этой точки зрения, это важный момент, когда мы вновь возвращаемся в прошлое, размышляем о своих достижениях и недостатках, чтобы объединить наши мечты – цели и сделать новый рывок в будущее.

Национальный музей Республики Казахстан, внося вклад в мероприятия, проводимые в рамках этого праздника, организовал в стенах музея республиканскую научно-практическую конференцию «Путь Независимости: становление, развитие и перспективы».

Цель мероприятия – всестороннее обсуждение истории обретения суверенитета и становления нового государства, роли стратегических инициатив Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы в развитии независимой страны, социально-экономического развития страны за годы независимости и научно-исследовательских и культурно-просветительских возможностей музеев исторической направленности на современном этапе.

Ключевые слова: история независимости, стратегические программы, личности Алаш, Золотая Орда, деятели культуры, киноискусство.

Ibraeva G., Khasenov S.
National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

THE WAY OF INDEPENDENCE AND THE NATIONAL MUSEUM

*Republican Scientific and Practical Conference
«The Way of Independence: Formation,
Development and Prospects»*

In 2021 we celebrate the 30th anniversary of independence. By the decree of the Head of State K. K. Tokayev, the organization of the 30th anniversary of independence, raising its cognitive level, has begun at a high level. On January 5 of this year, an article by the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev «Independence is above all» was published. In this article, the head of state dwelled on the achievements achieved over 30 years since independence and put it on the scales of history. Every conscientious citizen, reaching the peak of liberation, asks the question: «What successes have we achieved in thirty years?», «What country will we survive for the next generation?», «What else will we do to strengthen our statehood?» the questions are certainly of concern. From this point of view, this is an important moment when we return to the past again, reflect on our achievements and shortcomings in order to unite our dreams – goals and make a new leap into the future.

The National Museum of the Republic of Kazakhstan, contributing to the events held within the framework of this holiday, organized within the walls of the museum a republican scientific and practical conference «The Path of Independence: Formation, Development and Prospects».

The purpose of the event is a comprehensive discussion of the history of gaining sovereignty and the formation of a new state, the role of strategic initiatives of the First President of the Republic of Kazakhstan-Elbasy in the development of an independent country, the socio-economic development of the country over the years of independence and research, cultural and educational opportunities of museums of historical orientation at the present stage.

Key words: history of independence, strategic programs, personalities of Alash, Golden Horde, cultural figures, cinematography.